

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының  
шаруашылық жүргізу құқығындағы «Онкологиялық орталығы бар  
қалалық көпбейінді аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны  
(ары қарай – Кәсіпорын) Байқау кеңесінің отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 03/25**

Шымкент қаласы

«28» наурыз 2025 жыл

**Орналасқан орны:** Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ «Онкологиялық орталығы бар қалалық көпбейінді аурухана» МКК Шымкент қаласы, Тұран ауданы, А.Байтұрсынов көшесі 85А ғимараты.

**Отырысты ашу уақыты және өткізу орны:** Шымкент қаласы, Абай ауданы, Республика даңғылы 12 А ғимараты, 9-қабат мәжіліс залы сағ.12:00 м.

**Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері қатысты (бұдан әрі - Байқау кеңесі).**

**Байқау кеңесінің төрағасы қатысты:**

Ахметов Ералы Есенгельдиевич – ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК Шымкент қалалық филиалының директоры.

**Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері қатысты:**

Нуртаева Злиха Набиевна - Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіру бөлімінің басшысы;

Қыдырбай Мейіржан Нұрланбекұлы – Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының емдеу профилактикалық қызметті үйлестіру бөлімінің бас маманы.

Иембердіев Қайрат Айдосұлы- Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының бас маманы.

Мухтаров Назарбек Батырбекович-«Мирас-Қазақстан» ЖШС директоры.

**Кворум туралы ақпарат: Шешім қабылдау үшін кворум бар.  
Байқау кеңесінің хатшысы: Бахыт Нұрасыл Айбекұлы.**

**Шақырылған тұлғалар:**

Кәсіпорын директоры- Мауленов Ж.О.

Бас экономист - Шаменова Э.К.

Комплаенс-офицері-Алихан.Б.Е.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ Онкологиялық орталығы бар қалалық көп бейінді аурухананың комплаенс-офицерінің Есеп беру қағидатын сақтау мақсатында кәсіпорынның 2024 жылы атқарылған жұмыстары бойынша есебін тыңдау.

*«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабы 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік кәсіпорындардың лауазымды тұлғалары өз қызметі туралы есеп беруге міндетті. Осыған байланысты, комплаенс-офицері 2024 жылы атқарған жұмыстары бойынша есеп беру және қорытындылау.*

2. Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ Онкологиялық орталығы бар қалалық көп бейінді аурухананың комплаенс-офицерінің жалақысын ұлғайту бойынша төлем мәселесін қарау.

*«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабы 1-тармағының 6-тармақшасына сәйкес ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі шешімдер қабылдайды*

*Комплаенс-офицері лауазымы денсаулық сақтау саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және этикалық нормаларды сақтау мақсатында енгізілген. Бұл лауазымның жалақысы ұйымның ішкі саясатына, қызметкердің тәжірибесіне және біліктілігіне байланысты Байқау кеңесінің келісімімен анықталады.*

- 3 . 2024 жылдың қорытындысы бойынша пайданың есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу

*«Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңының 149-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес байқау кеңесі бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) ұсыныстар енгізеді, байқау кеңесімен қаралады және шешімін шығарады.*

1. Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ Онкологиялық орталығы бар қалалық көп бейінді аурухананың комплаенс-офицерінің Есеп беру

**қағидатын сақтау мақсатында кәсіпорынның 2024 жылы атқарылған жұмыстары бойынша есебін тыңдау.**

**Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөз алған Комплеанс офицері Алихан Б.Е.:** – Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында жүргізілген жұмыстар туралы есеп. Бұл есеп мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды сипаттады.

Ережеге сәйкес Кәсіпорынның комплаенс қызметкері 2024 жылы мынадай іс-шараларды жүзеге асырды:

Қоғам қызметкерлерінің жалпы жиналысында келесі тақырыптар бойынша дәрістер оқылды:

«Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі» (мамыр 2024ж.);

- «Жемқорлық саясатының стратегиясы» (шілде 2024ж.).

- «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» (қыркүйек 2024ж.)

- «Сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті» (қараша 2024ж)

"Ашық есік күндері" форматында тұрғындармен кездесулер өткізілді.

Онкологиялық орталығы бар көпбейінді аурухана науқастары мен қызметкерлері арасында да анонимді сауалнама жүргізілді.

2024 жылғы 23 сәуірде Кәсіпорын басшысының №122-н/қ бұйрығына сәйкес Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылып талдау жүргізілді.

Комплаенс қызметкері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады.

Онкологиялық орталықтың әр қабатында шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер орнатылған. Қазіргі уақытта Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдар мен ұсыныстар түскен жоқ.

Кәсіпорынның әр қабатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы бейнероликтер көрсетілетін плакаттар мен маңдайшалар, лед экрандары орнатылған.

Мекемеде комплаенс қызметкері туралы ақпарат орналастырылған

Күн сайын Кәсіпорынның фронт-офисінде сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін комплаенс қызметкері кезекшілік етеді; Кәсіпорынның әр қабатында жауапты тұлға, телефон нөмірі, кеңсесі көрсетілген толық ақпарат жазылған тақтайша орнатылған.

Бұл есеп сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын жетілдіру мақсатында жасалды.

**Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған Е.Е.Ахметов: -**

Ауруханада баска мекемелерге қарағанда сыбайлас жемқорлыққа тәуелділік жоғары сол үшін әр тоқсанда кемінде бір рет бөлімдерді жеке-жеке толық тексеруді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуды жоғары деңгейде жүргізуін айтты. Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға (ҚҰДФ) кірмейтін дәрілерді негізсіз тағайындайтын дәрігерлерді ұстауды, оларға тәртіптік жаза қолдануды және оның алдын алу үшін бірнеше тапсырмалар берді. Онкологиялық орталығы бар көпбейінді аурухана науқастары мен қызметкерлері арасында да жүргізген анонимді сауалнаманың нақты жиынтық есебін, нәтижесін келесі байқау кеңесінің отырысына ұсынуды сұрады.

**Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша сөз алған З.Н.Нұртаева.**

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында жүргізілген ішкі талдауды, аналитикалық зерттеуді күшейту, ұйымдағы жемқорлыққа тәуекелді қызметкерлерді анықтауды және оның болдырмау жолында тиісті шараларды қабылдауды, ультрадыбыстық зерттеуі (УЗИ) бар бөлімнің қызметкерлерін жиі тексеруді тапсырды.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде Кәсіпорынның комплаенс-офицердің 2024 жылға арналған есебін мақұлдауға ұсынылды.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес «Мемлекеттік мүлік туралы заңның 149-бабы 1-тармағына Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ қалалық онкологиялық орталығы бар көпбейінді аурухананың Жарғысына сәйкес, Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

Кәсіпорын комплаенс офицердің 2024 жылға арналған есебін мақұлдауға, осы хаттаманың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Дауыс беру қорытындылары:**

**Қолдау – 4 дауыс** (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н., Иембердиев Қ.А.)

**Қарсы – 0 дауыс**

**Қалыс қалды: - 0 дауыс**

**Шешім қабылданды: - 4 дауыспен**

**2. Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ Онкологиялық орталығы бар қалалық көп бейінді аурухананың комплаенс-офицерінің жалақысын ұлғайту бойынша төлем мәселесін қарау.**

**Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған Бас экономист - Шаменова Э.К.**

Ұжымдағы еңбек тиімділігін арттыру және мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында, комплаенс-офицерінің жалақысы басқа мамандық өкілдерімен салыстырғанда төмен екендігін айтып, осыған байланысты жалақысын арттыру қажеттілігі туындап отқанын айтып Жалақысын 400 000 (төрт жүз мың) теңгеге көтеруге ұсыныс тастады.

**Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған Кәсіпорын директоры- О.Ж.Мауленов.**

Комплаенс офицерінің жұмысын жоғары деңгейде орындайтынына разы екенін білдіріп, қызметкерді ынталандыру (мотивация) мақсатында жалақысын көтеруге ұсыныс тастады.

Қызметкерлерді ынталандыру-олардың жұмысқа деген қызығушылығын сақтаудың және ұйымның дамуын қамтамасыз етудің маңызы бар екенін және жақсы ынталандыру (мотивация) еңбек өнімділігін арттырып, кадр тұрақтылығын қамтамасыз ететіндігін айтты.

**Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған З.Н.Нұртаева.**

Басқа медициналық ұйымдарда, кәсіпорындарда комплаенс-офицердің жалақысы 300 000 (үш жүз мың)нан аспағандығын, салыстырмалы түрде қарағанда 400 000 (төрт жүз мың) жалақы көп екенін айтты. Егерде алдағы уақытта жұмысын жоғары деңгейде жасайтын болса жалақысын көбейтуге қарсы еместігін айтты.

**Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған Е.Е.Ахметов.**

Комплаенс-офицерін ынталандыру мақсатында айлық жалақысын 300 000 (үш жүз мың) ға көтеруді, алдағы уақытта жұмыс сапасын арттырса жақсы нәтижелер көрсететсе жалақысын жоғарылатуға қарсы емес екенін білдірді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы заңның 149-бабы 1-тармағының 6-тармақшасына Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ қалалық онкологиялық орталығы бар көпбейінді аурухананың Жарғысына сәйкес, Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

**Комплаенс-офицерін ынталандыру мақсатында айлық жалақысы 300 000 (үш жүз мың) ға көтерілсін.**

**Дауыс беру қорытындылары:**

**Қолдау – 4 дауыс (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н.Иембердиев Қ.А.)**

**Қарсы – 0 дауыс**

**Қалыс қалды: - 0 дауыс**

**Шешім қабылданды: - 4 дауыспен**

**2024 жылдың қорытындысы бойынша пайданың есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу**

«Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңының 149-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) ұсыныстар енгізеді, байқау кеңесімен қаралады және шешімін шығарады.

**Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша сөз алған бас экономист Қ.Э.Шаменова**

2024 жылдың қорытындысы бойынша пайда 1 047 204 698,00 (бір миллиард қырық жеті миллион екі жүз төрт мың алты жүз тоқсан сегіз) теңге болды.

Пайда есебінен қалған қаражат бойынша

1-қабат емханасын

4-қабат күндізгі стационарын

5-қабат ҚДЛ лабораториясын, сол жақтағы баспалдақ

Бөлмелердің (помещений) жалпы құрылыс жұмыстарын

-Қасбеттің (фасад) ағымдағы жөндеуі

Жобалық сметалық құжаттама (ПСД) негізінде күрделі жөндеу жұмыстары «Азия Строй Проект» компаниясының 215 211 763,00 (екі жүз он бес миллион екі жүз он бір мың жеті жүз алпыс үш) теңгеге Сметалық құжаттамасын қарауға ұсынды.

Жобалық сметалық құжаттама (ПСД) негізінде Орталықтың аймағын абаттандыру бойынша жалпы ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізу үшін «Азия Строй Проект» компаниясының 24 571 598,00 (жиырма төрт миллион бес жүз жетпіс бір мың бес жүз тоқсан сегіз) теңгеге Сметалық құжаттамасын қарауға ұсынды.

**Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша сөз алған Кәсіпорын директоры- О.Ж.Мауленов.**

Ауруханаға күрделі жөндеу жұмыстары қажет екенін және мекемені дамыту оның бәсекеге қабілеттігін арттыру, табысын көбейту және ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету. Басшы ретінде тиімді стратегияларды жүзеге асыру арқылы кәсіпорынның өсуін қамтамасыз еткісі келетіндігін айтты. Жобалық сметалық құжаттама Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары және нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылды. Күрделі жөндеу жұмыстары Мемлекеттік сатып алу порталында конкурстық баға ұсынысы арқылы жүзеге асатынын, жоғарыда көрсетілген соммадан аз болуыда мүмкіндігін айтып жеткізді. Қазақстан Республикасының заңнамаларымен нормативтік актіге қайшы келмейтінін айтты.

**Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша сөз алған Е.Е.Ахметов.**

Медициналық кәсіпорынның дамуы үшін күрделі жөндеу жұмысына қарсы емеспін алайда, техникалық бөлімшелердің мамандарын келесі Байқау кеңесіне шақырып соммасы және жобалық сметалық құжаттаманы талқылауды немесе техникалық бөлімнің келісімі жазбаша түрде келесі Байқау кеңесінің отырысына әкелуді тапсырды.

**Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша сөз алған Н.З.Нуртаева.**

Күрделі жөндеуге кететін сомма бойынша техникалық бөлім қызметкерлерімен талқылауды және рұқсат шешімдері керек екенін айтты. Келесі байқау кеңесінің отырысында нақты талқылау керек екенін жеткізді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы заңның 149-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ қалалық онкологиялық орталығы бар көпбейінді аурухананың Жарғысына сәйкес, Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

2024 жылдың қорытындысы бойынша пайда есебінен қалған ақшадан жасалатын күрделі жөндеу жұмыстары келесі Байқау кеңесінде қаралсын.

**Дауыс беру қорытындылары:**

**Қолдау – 4 дауыс** (Ахметов Е.Е., Нуртаева З.Н., Қыдырбай М.Н. Иембердиев Қ.А.)

**Қарсы – 0 дауыс**

**Қалыс қалды: - 0 дауыс**

**Шешім қабылданды: - 4 дауыспен**

**Отырыстың жабылу уақыты: сағ. 12:50 м.**

**Байқау кеңесінің төрағасы**




**Ахметов Е.Е.**

Байқау кеңесінің мүшелері  Нуртаева З.Н.

 Қыдырбай М.Н.

 Мұхтаров Н.Б.

 Иембердиев Қ.А.

Байқау кеңесінің хатшысы  Бахыт Н.А.